

**Л.Н. ГУМИЛЕВ атындағы ЕУРАЗІЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
NATIONAL UNIVERSITY «YURI KONDRATYUK POLTAVA POLYTECHNIC»
POLTAVA STATE AGRARIAN ACADEMY
UNIVERSITY OF ECONOMICS IN BRATISLAVA**

**«ЖАҒАНДЫҚ ПАНДЕМИЯ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ
НАЦИОНАЛЬНЫХ ЭКОНОМИК В УСЛОВИЯХ ВЫЗОВОВ МИРОВОЙ
ПАНДЕМИИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**« CURRENT TRENDS AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF
NATIONAL ECONOMIES IN THE CONTEXT OF GLOBAL PANDEMIC
CHALLENGES»**

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 339.9(063)
ҚБЖ 65.5
Ж 52

Редакция алқасы

РАИМБЕКОВ Ж.С. - төрағасы, э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. - э.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АЗАТБЕК Т.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

МАДИЯРОВА Д.М. - э.ғ.д., профессор, Ресей халықтар достығы университеті, Москва қ., Ресей

ДУБИНА И.Н. - э.ғ.д., профессор, Новосибирск мемлекеттік университеті, Новосибирск қ., Ресей

КОМЕЛИНА О.В. - э.ғ.д., профессор, менеджмент және логистика кафедрасының меңгерушісі, «Юрий Кондратюк атындағы Полтава политехникумы» ұлттық университеті, Полтава қ., Украина

ISBN 978-601-337-395-9

Ж52 «Жаһандық пандемия сын-қатерлері жағдайындағы ұлттық экономикалардың қазіргі тенденциялары мен даму перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020. - 514 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции и перспективы развития национальных экономик в условиях вызовов мировой пандемии». - Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020. – 514 с.

Works of the international scientific-practical conference «Modern trends and prospects for the development of national economies under the challenges of the world pandemic». - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020. - 514 p.

ӘОЖ 339.9(063)
ҚБЖ 65.5

ISBN 978-601-337-395-9

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020

6. Должен быть использован Метод контроля целесообразности реализации инновационной программы предприятия[2].

Решение этих проблем возможно при формулировании общих теоретических основ национальной промышленной политики, понимания экономического смысла и конкретного организационно-управленческого механизма промышленной стратегии в XXI веке с учетом тенденций научно-технического развития и кризисных тенденций.

Список литературы:

1. Камьен М., Шварц Н. Структура рынка и инновации // Вехи экономической мысли. Т. 5 / под общ. ред. А.Г.Слущкого. – Спб.: Экономическая школа, 2016. - 669 с.

2. Ведзижев А.Б. Инновации как фактор экономической эффективности промышленных предприятий. // Диссертация... кандидата экономических наук: 08.00.05. - М., 2015. - 141 с.

ӨӘЖ 33. 338.26.01

Абильдина Ж.Б., Уэлиакбарова Н.У., Исаева Б. К.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ МАҚСАТҚА ЖЕТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Әрбір кәсіпорын немесе ұйым белгілі бір миссиясын жүзеге асыруда және де кәсіпорын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін арнайы егжей-тегжейлі кешенді жоспарды құрайды.

Ежелгі гректердің «strategos» сөзінен туындаған «адамдарды басқару өнері» деген түсінік беретін «стратегия» ұғымы қазіргі таңда кәсіпорындар арасында белгілі бір концепциясы ретінде қолданады. Ал осы қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолында, белгілі бір болашақ бейнені қалыптастырғанда «жоспарлау» пайда болған [1].

Сонымен, стратегиялық жоспарлау - басшы қабылдаған әрекеттер мен шешімдер жиынтығы және де сол арқылы ұйым өз мақсатына жетуі үшін қолданылатын арнайы жоспар. Стратегиялық жоспарлау кәсіпорынның ағымдағы мәселелерін шешуді перспективалы мақсаттармен үйлестіруге, оның әлеуетті мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдалануға және бәсекелестік ортадағы нарықтық позицияларды нығайтуға, нарықтық жағдайдың талаптарына сәйкес келетін сапалы тауарларды дамытуға мүмкіндік береді.


Әрине, стратегиялық жоспарлаудың көптеген өзіне тән қасиеттері бар, және ол тек кәсіпорын деңгейінде ғана емес мемлекет деңгейінде де жүзеге асырылады:

1) ұзақ мерзімге жасалынады және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын анықтайды. Оның мәні мемлекетпен жүзеге асырылатын ұлттық экономиканы дамытуда ең басты басымдылықтарын таңдау;

2) стратегиялық жоспарлау арқылы еліміздің қандай жолмен жүру керектігі анықталады, қандай нарықта жақсы жұмыс істеуге болатынын шешеді, қандай технологияны игеруге болатынын, еліміздің әлеуметтік бірлігін қалай қамтамасыз етілгендігін, экономиканың қандай секторына және қоғамдық құрылымына бағытталуы қажеттілігі анықталады.

3) Стратегиялық жоспарлау кәсіпорынның стратегиясын оның миссиясын белгілеу, стратегиялық позицияларды талдау, бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуге, ұстап тұруға, дамытуға және арттыруға әкелуі мүмкін ішкі және сыртқы факторлар мен іс-әрекеттерді зерттеу арқылы негіздеу процесін қамтиды [2].

Стратегиялық жоспарлаудың өзіндік белгілері де бар (сурет 1).



Сурет 1. Стратегиялық жоспарлаудың өзіндік белгілері

Кәсіпорындағы стратегиялық жоспарлауға әр түрлі ғалымдардың көзқарасын қарастыратын болсақ, 1980 жылдардың аяғы 1990 жылдардың басындағы кезеңді «Стратегиялық жоспарлау тұжырымдамасының дағдарысы» деп сипаттауға болады. Экономикада пайда болған жаңа тәсілдер – стратегиялық ойлау және стратегиялық көшбасшылық – кейбір ғалымдарға стратегиялық жоспарлау әдіснамасының пайдасыздығы және тіпті ықтимал зияндылығы туралы айтуға негіз берді.

«McKinsey» жапон кеңсесінің төрағасы К.Омае былай деді: «Стратегиялық жоспарлау компаниялардан стратегиялық ойлауды қуып шығарады».

А. Минцбергтің ойынша стратегиялық жоспарлау стратегиялық ойлауды бұрмалайды, менеджерлерді сандармен жұмыс істеуге мәжбүр етеді және оларды болашақты көруден алшақтатады». Оның пікірінше, «Стратегиялық жоспарлау, егер ол түпкілікті өлмесе, құрмет тұғырынан сенімді түрде құлады».

Г. Минцбергтің стратегиялық жоспарлау тұжырымдамасына қарсы пікірін қарастырайық және мұндай пайымдаулардың бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз [3].

Ол стратегияның бес түрлі анықтамасын ұсынады:

- біріншіден, стратегия дегеніміз жоспар-болжау негізінде жасалған болашақтағы нәтиже, нысана, бағыттар. Осы тұрғыдан алғанда жоспар дегеніміз басынан аяғына дейін бақылауға алынатын, алдын ала белгіленген іс-қимыл;

- екіншіден, ол тактикалық әдіс, бәсекелестік додасындағы ерекше айлакерлік. Жалпы алғанда ол қысқа мерзімдік стратегия, өте шектеулі мақсаттарымен сипатталады және қажет болған кезде өзгертуге болады;

- үшіншіден, ол бет алыс қағидасы. Нақтылы үлгі арқылы іске асырылады. Бұл қалыптасқан бет алысқа байланысты өзгерістер енгізу стратегиясы;

- төртіншіден, ол нақты нарықтағы бағаларға қараған көзқарас;

- бесіншіден, ол ұйымның үлкен болашағы.

Осы берілген анықтамалар шеңберінде стратегияның үш компонентін бөліп көрсетуге болады: ұзақ мерзімді негізгі мақсаттарды анықтау; іс-қимыл бағамын қабылдау және ресурстарды орналастыру.

Жоғарыда берілген анықтамаларға қарағанда, стратегия - көп мағыналы және көптеген функцияларды атқаратын басқару әдісі. Басқару тәжірибесінде, әсіресе жоспарлауда, ұдайы қолданылатын құрал.

Стратегиялық жоспарлауда ортаның талдауына және бағалануына көңіл бөлінуі керек. Мұндағы «мақсат» – кәсіпорынның мүмкіндігіне әсер ететін ішкі және сыртқы ортаның маңызды элементтерін анықтау және бағалау. Нәтижесінде кәсіпорындағы стратегиялық жоспарлау үдерісі қалыптасады.

Ұйымның ішкі және сыртқы орталарына көңіл бөліп және талдау кәсіпкерлік қызметтің маңызды функцияларын атқаратын ескеру қажет:

- стратегиялық жоспарлау экономикалық ұйымдастыруға және оның болашағына әсер ететін маңызды факторлар есебін жақсартады;

- ұйымдастыру саясаты жағынан қарағанда, кәсіпорын өзі туралы жағымды көзқарастардың қалыптасуына ықпал етеді.

- Ішкі және сыртқы ортаның элементтерін талдау және бағалануы негізінде, олардың ішінен өзіне қажеттілерін бөледі – оларды «күдікті нүкте» деп атайды, содан кейін ұйым өзіне қажетті күдікті нүктелер туралы ақпараттарды жинайды [4].

Ұйымның стратегиялық жоспарына көрініс және миссия, ұйымның болашақтағы орнын анықтайтын жалпы мақсат кіреді. Ұйымдағы болашақты көру мәнінің кәсіпорын өміріндегі рөлін анықтау керек. Ал ұйым қызметі үшін, миссияның мәні неде екенін анықтайтын болсақ, миссия - бұл компанияның сәтті жұмыс істеуі үшін өте маңызды, ол ұйымның мақсатын анықтайды және оның ерекшелігін білдіреді. Кәсіпорынның миссиясын анықтау үшін басшылық өзінің ұйымынан және оның ішкі ортасынан асып кетуі керек, болашақты болжауға тырысып, өз бизнесіне жаһандық көзқараспен қарауға тырысуы керек.

Сонымен, қорытындылай келе, кәсіпорындардағы стратегиялық жоспарлаудың негізгі міндеті - маңызды мақсаттарды негіздеу және ұзақ

мерзімді дамудың дұрыс стратегиясын жасау. Қазіргі жоспарлау теориясында әр кәсіпорын өзінің негізгі мақсаттарын анықтайтын сегіз негізгі қызмет саласын бөліп көрсету әдетке айналған. Бұл салалар кәсіпорынның нарықтағы орны, инновациялық қызметі, өнімділік деңгейі, өндірістік ресурстардың болуы, тұрақтылық дәрежесі, басқару жүйесі, қызметкерлердің кәсібилігі және әлеуметтік жауапкершілік болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Виханский О.С. Стратегическое управление: учебник. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Экономистъ, 2008.- 296 с.
2. Кэмпбел Д. Стратегический менеджмент: Учебник. – М.: Проспект. – 2003.
3. Сирополис, Н. К. Управление малым бизнесом. – М.: Дело. – 2005.
4. Чермит З.Ш. Теоретические основы стратегического планирования на предприятии// Вестник Майкопского государственного технологического университета.- 2009.

Әбдықадыр Ж.М., Оразбек О., Тлеубаева С.А.
Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати,
г.Тараз, Республика Казахстан

УЧЕТ ВЫПЛАТ НА ОСНОВЕ ДОЛЕВЫХ ИНСТРУМЕНТОВ В СООТВЕТСТВИИ С МСФО (IFRS) 2

Учет выплат на основе долевых инструментов по МСФО отражается в соответствии с МСФО (IFRS) 2 «Выплаты, основанные на долевых инструментах» [1]. Выплаты на основе долевых инструментов могут быть произведены работникам или третьим лицам. Цель настоящего стандарта состоит в регламентации отражения в финансовой отчетности операций, связанных с выплатами на основе долевых инструментов. Указанный стандарт требует от компании отражать влияние последствий сделок с выплатами на основе долевых инструментов на показатели отчета о прибылях и убытках, а также на финансовое положение компании.

МСФО (IFRS) 2 применяется при учете всех операций с выплатами, основанных на акциях, включая операции:

– на основе долевых инструментов с выплатами долевыми инструментами, когда компания получает товары или услуги в качестве возмещения за долевые инструменты компании (включая акции или опционы на акции);

– на основе долевых инструментов с денежными выплатами, когда компания приобретает товары или услуги путем принятия обязательств по передаче поставщику этих товаров или услуг денежных сумм, определяемых на основе цены акций компании или иных долевых инструментов компании;